




*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*


№2 2021

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Үсенбаев Б. Күрең күз / Болат Үсенбаев. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 176 б.

Қазақ поэзиясында өз дауысы, өз үнімен айқын дараланып, жыр сүйер қауымды өресі биік өлеңдерімен сүйсіндіріп келе жатқан Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, белгілі ақын Болат Үсенбаевтың лирикалары сезімтал сыршылдығымен, ағынан жарылған шыншылдығымен баурап алады. Ақын толғаныстарының тақырып аясы кең. Елдік пен тәуелсіз рух еркіндігі, заман тынысы, уақыт демі, адам көңіл күйіндегі сан алуан әсерлер, махаббат пен ізгілік ақынның жаңа жыр кітабында да көркем образдармен келісімін тапқан.



Ысқақұлы Д. Тіл эпопеясы немесе рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы / Дандай Ысқақұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 632 б.


Кітапта қазіргі жаһандану дәуірінің мәдени өміріндегі ғаламдық ауқымда жүріп жатқан тілдік құбылыстар әлеуметтік, филологиялық тұрғыдан шолынып, әлемнің тілдік бейнесі, түркі тілдерінің, оның ішіндегі қазақ тілінің тағдыр-талайы, жүріп өткен жолдары мен бүгінгі күнгі жай-күйі, болашағы ғылыми түрде жан-жақты сараланады. Қазақ тілінің болашағына қызмет ететін түркі халықтарының ортақ әліпбиі, тілі, терминдері, рухани құндылықтары сияқты мәселелер төңірегінде кеңінен сөз болады. Еңбекте халқымыздың ұлттық даму, рухани жаңғыру жолындағы ұлы күресіндегі қазақ тілінің тарихи қызметі жан-жақты көрініс тапқан.



Есім Ғарифолла. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Он сегізінші кітап / Ғ. Есім. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 394 б.


Бұл - белгілі ғалым, жазушы Ғарифолла Есімнің «Сана болмысы» деген атпен 1994 жылдан бері шығып келе жатқан топтама еңбегінің он сегізінші кітабы.

Кітапта қазіргі заманның өзекті саяси-философиялық, дүниетанымдық мәселелері баяндалған.



Ғарифолла Есім. Дүниетаным баяны / Ғарифолла Есім. - Алматы: «Дәуір» баспасы, 2020. - 400 б.


Кітап мұсылмандық дүниетаным баянына арналған. Фәлсафаның негізін қалаушы IX ғасырда өмір сүрген араб ғұламасы Әл-Киндиден бастап, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, хакім Абай, Шәкәрім және т.б. ғұламалардың еңбектеріне шолу-талдау жасалған. Дүниетаным баяны төрт кезеңге топтастырылып, сол замандар ойшылдарының еңбектерінен үзінді-мәтіндер келтіріліп, оларға авторлық пайымдаулар жасалған.



Бөпежанова Ә. Мұнара. Әдеби көркем сын кітабы / Әлия Бөпежанова. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 328 б.

Белгілі сыншы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Әлия Бөпежанованың «Мұнара» атты жаңа кітабында - көркем әдебиетіміздің көрнекті тұлғалары мен талантты жас буынының шығармашылықтары қарастырылады.


Өнердің өнерлік міндеті қоғамның рухани-эстетикалық дамуы, жаңа заман талаптарымен тығыз байланыста сөз болатын мақалалар, ой-толғаулар, сұхбаттарда тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетіміздегі ұлттық рухани жаңару процестері зерделенеді.



Сарай Ә. Ару Алматы. Пьесалар жинағы / Әнес Сарай. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 280 бет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қаламгерлік жолында өз үні, өз қолтаңбасы айқын көрнекті жазушы, драматург Әнес Сарайдың бұл жинағына кейінгі жылдары жазылған сегіз пьесасы іріктелінді. («Ару Алматы», «Балуан Шолақ», «Қапырық», «Қоқсық», «Шөлдегі айкас», «Мұңым менің», «Тотиып қалды», «Қу Тазша».)

«Мұңым менің» - Алматы жастар театрында, «Балуан Шолақ» - Астананың Қ.Қуанышбаев атындағы театрында, «Тойтиып қалды» - Қарағанды, «Қу Тазша» - Қызылорда театрлары сахналарында қойылды. Ал, «Ару Алматы» қойылымы Мәдениет министрлігінің жүлдесіне ие болды.



Байдельдинов У.С. Сигналдарды қабылдау және өңдеу: оқу құралы. - 2 бас. / У.С. Байдельдинов, М.К. Ибраимов, М.А. Алимова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 318 б.

Радиоқабылдағыш құрылғылардың элементтер жүйелерінің теориялық негіздері, радиоэлектронды байланыс жүйелерінің пайдаланылуы көрсетілген, сонымен қатар функционалдық түйіндер, электр тізбегінің есептелуі қарастырылған. Қосымшада радиоқабылдағыштардың принцип сұлбалары топтастырылған, ол студенттерге радиоэлектронды аппаратуралардың схемасын шешуді түсінуге мүмкіндік береді.




Жомартова Ш.Ә. Желілік технологиялар: оқу құралы / Ш.Ә. Жомартова, Ә.С. Тергеусізова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 276 б.

Оқу құралында желілік технологиялар туралы білім негіздері берілген. Онда қазіргі заманғы компьютерлік желілердің архитектурасы мен технологиясының негізгі қағидалары қатарласа қарастырылған. Оқу құралында компьютерлік желілердің, сымды технологиялардың, сымсыз жергілікті желілердің, заманауи желілік технологиялардың негізі болып табылатын басты ұғымдарға ерекше назар аударылған. Оқу құралы желінің маманы ретінде жұмыс істеуге қажетті тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Қазақстанның орта ғасыр тарихы хрестоматиясы (VI-XIX ғғ.)


/ Құрастырушылар: М.Қ. Әбусейітова, Б.Д. Дүйсенов, З.К. Каримова, Д.Е. Медерова, А.Ш. Нұрманова, Ж. Ошан, З.С. Табынбаева. - Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. - 344 б.

Қазақстанның орта ғасырдағы тарихы мен мәдениеті туралы деректері бар, VI-XIX ғасырлардағы араб, парсы, түрік тіліндегі тарихи және географиялық шығармалардың аудармалары хрестоматияға енген.



Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Құрастырушылар: Н.Ж. Шаймарданова, З.С. Табынбаева. - Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. - 630 б.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында «Ұлы дала тарихы мен мәдениеті» ғылыми пәнаралық бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеу нәтижелері жарияланған. Ұлы дала тарихы мен мәдениетін зерттеуде жаңа тәсіл және ұлттық тарихқа толыққанды көзқарас қалыптастыру үшін қазақстандық институттар мен ғылыми орталықтардың қатысуымен жүргізілген зерттеулерге тұңғыш рет шетелдік сарапшылар да қатысып отыр. Конференцияға қатысушылар мен жоба орындаушыларының баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде этногенез бен этникалық тарих проблемалары, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдері, жаңа көзқарастар мен пәнаралық әдістерге негізделген ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту тұрғысындағы қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері қарастырылған.






Ниетқалиева Г. Жүректегі жанартау. Гүлзада Ниетқалиева. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 224 бет.


Ақынның «Жүректегі жанартау» атты жыр жинағына лирикалық өлеңдері топтастырылып отыр.

Лирикалық кейіпкердің бір жылап, бір мұңайып, бір қуанып айтқан нәзік сырлары оқырманның жүрегінен жарып шыққан сезім сынды толқытады, терең иіріміне тартады, шынайы жеткізіледі.



Шнарбекова М.К. Жоғары білім беру кеңістігіндегі жастар тәжірибесі: монография / М.К. Шнарбекова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 192 бет.

Монографияда жоғары білім беру саласындағы қазақстандық жастар тәжірибесі кешенді зерттелінген. Отбасылық ресурстың ықпалы мен әлеуметтік-экономикалық шарттарға негізделген жоғары білім саласындағы жастар тәжірибесіне қатысты ғылыми ойлар талданады. Жастар тәжірибесі, өз кезегінде, жоғары білімді алу шешімі, университет пен мамандықты таңдау және оның жүзеге асырылған нәтижесі ретінде қарастырылады. Жастардың жоғары білім беру кеңістігіндегі бағыт-бағдарына индивидуалдық, отбасылық және институционалдық үрдістердің ықпалы зерттелінеді. Білім берудің әр түрлі әлеуметтік топтарға жататын жастар үшін колжетімділігін айқындайтын эмпирикалық зерттеулердің қорытындылары ұсынылған. 2014-2018 жылдар аралығында сапалық және сандық әдістерді қамтитын кешенді әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері жүйелі түрде берілген.



Есенқарақызы Х.Е. Эсселер. Ханбибі Есенқарақызы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 288 бет.


Өлең өлкесіндегі өзіндік орны айрықша, жаны, жүрегі, ойы, санасы әдебиет дейтін әлемге ессіз байланған, осы жолда алған бетінен таймай, ақты – ақ, қараны – қара деп жіктей білетін, асау жырларымен оқырмандарына «Хан қызындай Ханбибі» атанған ақын Ханбибі Есенқарақызының эсселер жинағы белгілі тұлғалардың бітім-болмысын тұтастай көз алдыңызға әкеледі.


Ал қаламгердің өзгешелігі сол – жазуынан мінезін, мінезінен жазуын тайға таңба басқандай көрсете білуінде.

Қойшыбаев Б. Ұлттық қозғалыс сарбазы. Б. Қойшыбаев - Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 320 б.

Жазушы, публицист, ғалым Бейбіт Қойшыбаевтың «Ұлттық қозғалыс сарбазы» атты рисәләсінің басты кейіпкері – ХХ ғасырдың басындағы көрнекті қоғам қайраткері Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев. Бұл тарихи туындыда оның және күрескерлік жолда халыққа қатар қызмет еткен үзеңгілестерінің ел мүддесін көздеген іс-әрекеттері, заман талабына сай қоғамдық-саяси ойды дамытудағы үлестері суреттелген.


Рисәлә үш бөлімнен тұрады. «Сөз басында» кейіпкерлердің өмір жолдары баяндалады. «Қилы кезең этюдтері» деп аталған негізгі бөлімде Бақытжан Қаратаев пен оның серіктерінің Алаш қозғалысының бастауында, ұлт-азаттық көтеріліс уақытында, 17-ші жылғы екі революция мен совет дәуірінде атқарған істері суреттеледі. Қайраткерлердің көзқарастарындағы қайшылықтар, алауыздықтар сыры сөз болады. «Сөз соңында» ұлттық қозғалыс тағдыры, Қаратаевтың өмір жолының тағылымы, бүгінгі күн көзқарасымен қарастырылады.





Сыдықбекова Р.Қ. Микробиология және вирусология: оқу-әдістемелік құрал / Р.Қ. Сыдықбекова, Т.Д. Мұқашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 116 б.


Құралда микроорганизмдердің морфологиясын, ультроқұрылымын, клетка құрлысын және басқа да маңызды қасиеттерін зертханалық сабақтарда жан жақты зерттеу әдістері көрсетілген. Студенттердің алған білімдерін бағалау үшін әрбір тақырыпқа арналған бақылау сұрақтары мен тапсырмалары берілген.



Жу Юңсиннің білім беру туралы даналық сөздері / ауд. А. Қалиолла. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 337 б.


Қазіргі Қытайдың білім жүйесі – нарықтық экономикаға негізделген инновациялық және ақпараттық қоғам құруға лайықты кадрлар дайындауды басты мақсат етіп отырған, елдің барлық салада қарқынды дамуына жол ашып отырған сала. Оның дамуы сол елдегі ғалымдар мен педагогтарға тікелей байланысты.

Жу Юңсин Қытайдың халықтық саяси консультативті кеңесінің мүшесі, Қытайдағы демократияны дамытуға ықпал ету ассоциациясы төрағасының орынбасары. Ол мектеп пен жоғары білімді жетілдіруге арналған 400-ден аса ғылыми мақалалардың авторы, ол Қытай Халық Республикасындағы білім саласын дамытуға айрықша үлес қосып жүрген әлемге танымал педагог-ғалым.



Әубәкіров Е.А. Мұнай қалдықтары және битум қасиеттерін зерттеу әдістері: зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқау / Е.А. Әубәкіров, Ж.Х. Ташмұхамбетова. Н.Қ. Жәкірова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 217 б.


Зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқау мұнай қалдықтары мен битумның физика-химиялық және эксплуатациялық қасиеттері жөнінде негізгі мәліметтерден тұрады. Теориялық бөлім, ауыр мұнай қалдықтары мен битумның қасиеттерін стандартты зерттеу әдістері, тотыққан, компаундирленген және қалдық битумдарды зертханада алудың, битум қасиеттерін зерттеудің диэлектрлік өткізгіштік секілді, дисперсті фаза бөлшектерінің өлшемдерін анықтау әдістері, тұрақтылық факторларын, адгезиялық қасиеттерін және т.б. бағалаудың сандық әдістерін анықтау жолдары ұсынылады.



Елеуменов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том / Ш. Елеуменов. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 384 б.


Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шериаздан Елеуеновтің бұл кітабына: ұлы оқымысты Қаныш Сәтбаев, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков, атақты ақын Ғафу Қайырбеков, академик сыншы Мұхаметжан Қаратаев сынды еліміздің даңқты перзенттерінің жарқын образын, характерін ашатын очерк, эссе, повесі топтастырылып берілді.

Кітапта сонымен қатар автордың кезінде Қазақ теледидарының «Тамаша» сериясында көрсетілген «Ат коюдың әлегі» атты скетчтің, Жамбыл және Қызылорда облыстық театрларында қойылған «Емтихан» атты сатиралық комедиясының мәтіні жарияланып отыр.



Ақсұңқар С. Уа, Ақсораң: жаңа өлеңдер мен поэмалар / Ақсұңқар Серік. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 400 б.


Ақын, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Ақсұңқардың «Уа, Ақсораң» атты жаңа жинағына соңғы жылдары жазылған жаңа өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Ақынның Алашына айтар сөз, ағытар сыры мол. Ел тәуелсіздігінің көкейкесті мәселелері – ақын жырларының басты темір қазығы.



Рамазан Д. Пешене: пьесалар / Думан Рамазан. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020.-248 б.

Талантты жазушы, дарынды драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Думан Рамазанның жаңа жинағына «Керей-Жәнібек», «Пешене», «Бейуақ», «Қанатталды», «Кек» атты драматургиялық төл туындылары мен шетел қаламгерлерінен аударған пьесалары топтастырылған.


Автор тарихи һәм қазіргі тақырыптарға қатар қалам тербейді. Көркем шығармаларда тарихи тұлғалардың ақыл-парасаты, келешекке көз тастар көрегендігі, тереңнен ойлап, кеңінен байлам жасар кемеңгерлігі, ел бастар көсемдігі, сөз бастар шешендігі мен қол бастар батырлықтары айрықша айшықталса, өзімізге етене таныс бүгінгі күн қаһармандарының тыныс-тірлігі мен іс-әрекеттері ерекше суреткерлік шабытпен кестеленген.



Қожа М., ж. т.б. Орта Азия мен Қазақстан археологиясы және М.Е. Массон: монография / М. Қожа, Е. Есжан, А. Бегалиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. -216 б.

Монографияда М. Массонның Орта Азия мен Қазақстан археологиясына қосқан үлесі, энциклопедист ғалым болғаны, нумизматика бойынша зерттеулеріне талдау жасалып, оның ұйымдастырушылық жұмыстары сипатталады. Қосымшада М. Массонның жарияланған еңбектерінің тізімі, Ә. Марғұланның оған жазған хаттарының көшірмесі берілген.

Бұл зерттеу еңбек жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің студенттеріне, жоғары оқу орнының студенттеріне, докторанттар мен магистранттарға, жалпы көпшілік оқырмандарға ұсынылады.




Тілеужанұлы З. Қаңбақтың монологы: Өлеңдер, поэмалар / Зейнолла Тілеужанұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 432 б.

Қазақтың көрнекті дарынды ақыны Зейнолла Тілеужанұлының бұл кітабына оның әр жылдарда жазылған өлеңдері мен поэма-дастандары енген.

Ақынның тілі шұрайлы, ұлттық колоритке бай. Оның терең де нәзік лирикасы өз оқырмандарын сезім пәктігімен баураса, өршіл пафосты жырлары азаматтық ірілікке шақырады.

Романтикалық поэзия стилінде жазылған: «Тұтқын», «Махаббат-Дастан», «От Адам», сондай-ақ, «Қаракерей Қабанбайдың соңғы соғысы», «Пушкиннің Қара теңізбен қоштасуы», «Қара бұлттар Наймандарша көшеді» т.б. поэмалары мен лирикалық өлеңдері – жыр сүйер қауымға жақсы таныс. Ақын махаббат тақырыбына да кеңінен қалам сілтеген. Сонау студент жылдарында жазылған: «Мені ұмыт дейсің ерке қыз...», «Манет аруға», «Цыган қызына», соңғы жылдары жазылған «Қап-қара түнде, қап-қара қызды құшақтап...» атты жырлары ақынның алыста қалған жастық поэзиясының заңды жалғасы іспетті.



Темірбай А. Жекебатыр: Өлеңдер, балладалар, толғаулар, поэмалар / Алмас Темірбай. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 328 б.

Екі мыңыншы жылдардың басында әдебиетке келіп, топ жарған талантты ақынның бұл кітабына халықаралық, республикалық жыр-бәйгелерінде жүлделі орынға ие болған, газет-журналдарда, әлеуметтік желілерде жарияланып, халықтың ықылас-ілтипатына бөленген өлеңдері мен жарық көрмеген жаңа, тың туындылары енген.


Ақынның лирикалық философиясы да, философиялық лирикасы да оқырманды бейжай қалдырмайды деген сенімдеміз.



Амангелді Кеңшілікұлы

Шеберлік пен шындық. А. Кеңшілікұлы - Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 352 б.


Бұл кітапқа белгілі сыншының ұлттық әдебиетіміздегі ірі суреткерлердің шығармашылық шеберлігін саралаған эсселері мен зерттеулері енді. Сыншы өз еңбектерінде халыққа танымал тұлғалардың туындыларын әлем әдебиетінің контексінде қарастырып, ізгіліктің адамзатқа ортақ концепциясын іздейді. Ал, бүгінгі қоғамның ащы шындығына үңілген публицистикалық сарындағы еңбектерінде халқының келешегіне аландап ой толғайды.



Шиллер Фридрих

Жарық пен жылу; Өлеңдер мен балладалар / Ф.Шиллер: неміс тілінен ауд. Ертай Ашықбаев . — Тараз: «Сенім» ЖБО, 2020. - 112 бет.

Әлем әдебиеті классиктерінің бірі, неміс ақыны, философ, көркемөнер теоретигі және драматург, тарих профессоры және әскери дәрігер, романтизмнің көрнекті өкілі Фридрих Шиллердің (1759-1805) бұл аударма кітабына таңдаулы өлеңдері мен балладалары жинақталған.




Дайырбай Е. Көкжиегімнің көктемі: /Өлеңдер/ Ермек Дайырбай. Алматы., «Азия Арна» баспасы., 2020. - 64 бет.


Бұл кітапқа «Шабьт» халықаралық фестивалінің лауреаты, бірнеше халықаралық, республикалық, облыстық жыр мүшәйраларының жеңімпазы Дайырбаев Ермек Тұрсынұлының әр жылдары жазылған шығармалары енгізілген. Өлең өлкесінде өзіндік орны қалыптасқан ақынның тілі көркем, ойы шұрайлы.

Эгамбердиев М.Ш.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы: тарихы және тарихнамасы (XIX ғасырдың соңы мен бүгінге дейінгі кезең): Монография / М.Ш. Эгамбердиев. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 408 б.

Монографияда XIX ғасырдың соңы мен бүгінгі кезеңге дейінгі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихы мен тарихнамасы кешенді түрде қарастырылған. Автор отандық және шетелдік мұрағаттарындағы деректер мен мәселеге байланысты зерттеулерді қамтып, түркі халықтарының ынтымақтастығының өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жасаған. XIX ғасырдың соңынан өрістей түскен жәдидтік қозғалысы, большевиктердің билік басына келген уақыттағы түркі халықтары зиялыларының саяси күресі, «басмашы» әрекеті зерделенген. Мустафа Кемаль Ататүріктің Түркия Республикасын құрудағы еңбегін, түркі халықтарының «бірлігі мен тұтастық» идеясын, эмиграциядағы түркі мұғажырлардың ғылыми-саяси күресін, түркі халықтарының Сталиндік депортациялау саясатына тап түсу себептері мен КСРО ыдырағаннан кейін Түркі мемлекеттерінің өзара саяси-экономикалық, дипломатиялық және мәдени байланыстарын тұжырымдап, даму кезеңдерін ашып көрсеткен. Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясының, Түркі бейбітшілігінің, Түркі Кеңесінің жұмыстары және Қазақстанның түркі әлемінде алатын орны сараланып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының бағыттары айқындалған.






Марғұлан оқулары - 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 17-18 қыркүйек 2020 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2020. -1 том.- 504 б.

Жинақтың бірінші томында археология ғылымының тарихы, Еуразия аумағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында алынған пәнаралық зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар, сонымен қатар, ауқымды хронологиялық кезеңмен мерзімделетін материалдарға жүргізілген сараптамалық ізденістердің нәтижелері жинақталған.

Әбдіғалиұлы Б., Сураганова З.К., Екімбаева А.С. «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» жобасы аясында Қазақстандағы қасиеттіліктің табиғатын зерттеу бойынша далалық экспедицияларға қатысушыларға әдістемелік нұсқаулық, ИРН № BR 06449588. - Нұр-Сұлтан, 2020. - 90 б.


Әдістемелік нұсқаулық ҚР МСМ «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық», ИРН № ВК 06449588 жобасы (2019-2020 жылдарға арналған мақсатты қаржыландыру. Басымдық: «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (1.2. Қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері бойынша қолданбалы зерттеулер: 1.2.1 Қазақстанның рухани киелі орындары. Қазақстанның қасиетті географиясы) ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қаржылық қолдауымен далалық этнографиялық экспедициялар өткізуге арналған іс-қимыл бағдарламасы болып табылады.







Теориялық механиканың классикалық және релятивистік негіздері: оқу құралы / Н.Қ. Қойшыбаев, Ж.А. Қалымова, К.А. Бошкаев, А.А. Уразалина. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 305 б.

Теориялық механиканы оқып-үйренудегі басты мақсат - теориялық физиканың соңғы кезеңде қарқынды дамыған салалары: кванттық механика мен статистикалық физикаға тікелей өтуді қамтамасыз ету. Оқу құралының ерекшелігі мынада: теориялық механиканың негізгі ұғымдары мен принциптері, Лоренц түрлендірулері, ең аз әсер принципі, сақталу заңдары, қозғалыс теңдеулерін интегралдау, бөлшектердің соқтығысулары сияқты тақырыптар кең ауқымда түсіндіріледі. Сондай-ақ релятивистік емес қозғалыстармен қатар, релятивистік қозғалыстар да жан-жақты қарастырылады.



Аманжолов С. Тіл және жазу = Язык и письмо / С. Аманжолов. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 404 б.

Бұл кітапқа профессор Сәрсен Аманжоловтың жалпы тіл ғылымы, қазақ әдеби тілі мен қазіргі қазақ жазуының мәселелері қамтылған таңдамалы еңбектері енді. Бұрын жарық көрмеген кейбір еңбектері де енгізіліп отыр (мәселен, жалпы тіл ғылымының курсы).



Мұхаммед Айдар Дулат




Тарих-и Рашиди. 2 кітап / ауд. И. Жеменей. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.

1-кітап. - 367 б.

2-кітап. - 450 б.

«Тарихи-и Рашиди» шығармасының қазақша аудармасы Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тегранда жарық көрген А. Гаффарифәрдтың текстологиялық еңбегі негізінде жасалған. Шығыстанушы И. Жеменейдің 2014 жылы Тараз мемлекеттік университетінде жарыққа шыққан парсы тіліндегі текстологиясы мен Табатабаи университетінің ғалымы Бейруз Бабаимен бірлесіп, Иран-Қазақстанда жаңадан жарық көрмек басылымы бойынша толық нұсқасы ұсынылды.

Бұл ғалымдарға, тарих сүйер қауымға, дінтану, филология, психология, философия, география, этнография, саясаттану, тіл және т.б. салалардағы зерттеушілерге берері мол еңбек болмақ. Кітапта алғаш рет адам есімдері, жер-су аттары түгелдей қазақ әліппесінің таңбасы бойынша транскрипцияланды.



Мыңбай Рәш.


Шабыт шағаласы. Т.3: Жырларым-сырларым... – 516 б.

Топ жарған елім. Т.4: Дастандар мен толғаулар. – 520 б.

Асыл ағалар. Т.5: Мақалалар жинағы. – 416 б. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020.

Қазіргі қазақ сатирасынын ақсақалы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Кұрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін», «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарының иегері және Халықаралық сықақшылар байқауының, Дүниежүзілік жастар фестивалі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастырған «Алтын алма» байқауының лауреаты, «бір өзі – бір театр» атанған Мыңбай Рәш есімі ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бері қарай қалың оқырманға етене таныс.


Қаламгердің Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, халықтар достығы, қарапайым еңбек адамдарының өмірі, бүгінгі замандас бейнесі сынды алуан тақырыпты қамтитын бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы өмірдің өзекті мәселелерін уытты тілмен нысанаға алуымен құнды. Сондықтан да жазушы, сатирик, эпик ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше.



Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері: оқу құралы / С. Аманжолов. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 536 б.


Сәрсен Аманжолов (1903-1958) – белгілі түркітанушы, тіл маманы, Қазақстанда ғылымды ұйымдастырушылардың бірі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ диалектологиясының негізін салған. Бұл оқу құралы қазақ тілі мен қазақ халқы тарихының, сондай-ақ қазақ диалектологиясы мен қазақ әдеби тілі тарихының мәселелерін баяндайтын күрделі зерттеу болып табылады.

Еңбектің автор даярлаған орысша бірінші басылымы, ол қайтыс болғаннан кейін, 1959 жылы Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасынан жарық көрді.




Сейтқасымов Ғ. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 198.-358 б.

Бұл кітап ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ғабдығалпар Сағитұлы Сейтқасымовтың өмірі мен шығармашылығына арналды. Жинақта еліміздің қаржы, экономика саласын дамытуға зор үлес қосқан көрнекті ғалым, білікті ұстаз, ұтқыр ұйымдастырушының баспасөз бетінде жарық көрген еңбектері мен мұрағат құжаттары және фотосуреттері берілген. Сондай-ақ академиктің ғылыми-педагогтік қызметі мен қайраткерлік қыры туралы әріптестерінің, шәкірттері мен дос-жарандарының естеліктері жинақталған.




Қапалбекұлы Н. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 196. - 378 б.

Бұл кітапта көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлының «Шер», «Миллионер», «Томар» секілді оқырманның ыстық ықыласына бөленген әсерлі әңгімелері, мұрағат құжаттары мен фото-суреттері жинақталған. Сондай-ақ қарымды қаламгердің ұлтым деп соққан жүрегі, азаматтық келбеті хақында өмір сапарында бірге жүрген замандастарының: қаламдастары мен достарының, ізін басқан шәкірттері мен туыстарының жүрекжарды лебіздері берілген.




Әбжаппаров Ә. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 194. - 363 б.

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының және ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімүтәліп Әбжаппаров туралы кітапта ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері, баспасөз бетінде жарық көрген мақала-сұхбаттары және мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтасқан. Сондай-ақ замандастары мен әріптестері айтулы тұлғаның ғылым-білім саласына қосқан үлесі, отандық жоғары оқу орындарын басқарудағы ұйымдастырушылық, ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік қыры хақында сыр шертеді.




Колинко Н. Өнегелі өмір / Под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Вып. 197. - 351 с.

Книга приурочена к 85-летию ветерана отечественной печати, Почетного журналиста Казахстана, публициста, работника государственных органов и общественного деятеля Николая Сергеевича Колинко. В издании представлены материалы, связанные с историей развития СМИ тех далеких лет, когда в стране началось освоение целинных земель и рушились твердокаменные устои сталинской прессы, рассказывается о первых руководителях республики, с которыми автору довелось работать на протяжении многих лет, история зарождения Независимости Республики Казахстан.




Рогов И.Өнегелі өмір / Под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Вып. 199. - 320 с.

Книга посвящается жизни и деятельности Игоря Ивановича Рогова - известного ученого-юриста, государственного, общественного деятеля. Игорь Иванович Рогов, будучи председателем Конституционного Совета, внес значительный вклад в становление и развитие государственности Республики Казахстан. В издании представлены фото- и архивные документы, избранные труды ученого-правоведа.



Оңғарсынова Ф. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 190. - 328 б.

Бұл кітап Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушысы, поэзия патшайымы Фариза Оңғарсынованың өмір жолы мен шығармашылығына арналды. Жинақта жауһар жырды жүрегінде тербеген айтулы ақынның жыр дестелері, мақалалары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ тұнық жырдың тұмары деп танылған аяулы тұлға мен оның қаламгерлік жолы хақында замандастарының сырлы толғаныстары және жақындарының естеліктері топтасқан.




Омашев Н. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 193. - 365 б.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевтың өнегелі өмір жолы мен шығармашылығына арналған бұл кітапта қаламы қарымды журналистің түрлі тақырыптағы мақалалары, сырлы сұхбаттары және жеке қорындағы фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілді. Сондай-ақ ұстаз-ғалым, қайраткер-қаламгердің ұлттық журналистикаға қосқан үлесі, ұстаздық тәлімі мен азаматтық қыры ардақты ағаларының, үзеңгілестері мен шәкірттерінің және ет жақындарының естеліктері арқылы жан-жақты ашыла түседі.



Алтаев Ж. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. / Ж.А. Алтаев және т.б.: жауапты ред. Ә.А. Құранбек; бас ред. Ж.А. Алтаев. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2020. - 320 бет.

Авторлар ұжымы ұсынып отырған монографияда ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылық мұрасының негізгі қырлары ашып көрсетілген. Әл-Фараби энциклопедист-ойшыл ретінде философия, этика, логика, музыка теориясы, дін туралы ілім, математика, мемлекет теориясы және ғылымның басқа да салаларында өзінің төлтума ойларымен мәңгі өшпес із қалдырды. Монографияда әл-Фарабидің философия, логика, этика, руханилық және қоғамдық құрылымның өзекті мәселелеріне қатысты ойлары жүйелі түрде зерделенген.



Дейл Карнеги


Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері. - Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020. - 312 бет.

Төңірекпен тіл табысудың қыр-сырын насихаттаған педагог, лектор, қаламгер, психолог Дейл Карнеги жарық көрген 1937 жылдан бермен қарай 15 миллионнан астам данамен таралған өзінің аңызға айналған кітабында адамдармен тіл табыса білудің негізгі қағидаттары, адамға ұнаудың алты амалы, ойыңызбен келісуге адамдарды қалай көндіруге, ренжітіп алмай адамдарды қалай өзгертуге болатынын жазады.



Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері: Оқу құралы / Е.Т. Оспанов - Алматы: «Білік» баспасы, 2020. - 340 бет.


Кітапта академиялық мәтін (эссе, мақала, жоба т.б.) жазу, зерттеу әдістері, мәліметтерге талдау жасау сынды мәселелер жан-жақты ашылады. Сонымен қатар тақырыптарды пысықтауға арналған жаттығулар мен олардың жауаптары қоса берілген. Бұл оқырманның тақырыпты өз бетінше игеруіне жол ашады. Глоссарийде пән сөздерінің анықтамасы, қосымша бөлімде эссе құрылымдары мен шағын зерттеу үлгілері берілген.



Баһахмет Жұмабайұлы. «Қазақ балаларының байырғы ойындары» (Халық арасына кең тараған балалар ойындарына арналған) - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2020 ж. - 256 бет.

Ежелден сайын далада ерлік пен өрлікті рухына азық етіп келген қазақ халқы өз ұрпақтарының дені сау, парасатты, асқақ ойлы болып өсіп, жетілуі үшін тұрмыстан ойып алған ойын түрлерін қалыптастырды.

Өзіндік ерекшелікке ие, ұлттық бояуы айқын «Қазақ балаларының байырғы ойындары» кітабы қашан да өз құндылығын жоймай, болашақ ұрпақтың сана-сезімін, ақыл-парасатын жетілдіріп, дені сау азамат етіп тәрбиелеуде құнды құрал болмақ.




ABC Alfabe. Alfabeya Kurdi (Kurmanci). Күрд тілін оқытуға арналған әдістемелік құрал./ Құраст.: К.И. Мирзоев. - Алматы: "Мемлекеттік тілді үйрету элиталық курсы" ММ, 2020. - 188 бет.

Күрд тілінің бұл әліппесі Қазақстанда тұңғыш рет жарияланып отыр. Әліппеде латын графикасына негізделген күрд әліпбиі үйретіледі. Кітапта әліпбидің фонетикалық жүйесі орфографиялық және орфоэпиялық нормалары тіл үйренушілерге жүйелі түрде меңгертіледі. Әліппелік оқу құралы тақырыптық және мазмұндық сипатына орай түрлі-түсті суреттер, тақырыптық нұсқаулықтар сияқты иллюстративтік құралдармен безендірілген. Сондықтан ол күрд тілін меңгеремін деушілерге аса қолайлы құрал болып табылады. Әдістемелік материалдармен бірге күрд тілі туралы ақпараттар да берілген.



Бектемірова Н. Күн түнекті сейілтеді: Хикаяттар мен әңгімелер. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2020. - 400 бет.


Жазушы бұл жинағына соңғы кезде жазылған хикаяттар мен әңгімелерін енгізіп отыр. Барлық шығармаларының басты кейіпкерлері – жанымызда тіршілік етіп, қарым-қатынас жасап жүрген адамдар. Қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ішкі жан сезімі, шынайы махаббаттары, іс-әрекеттері, толғаныстары, боямасыз өмірлері оқыған адамды бей-жай қалдыра алмайды. Әрбір шығарманың мазмұнында оқыған адамды ойландыратын тәлім-тәрбиелік мәні бар түйін жатыр. Ұзақ ғұмыр көшінде абайсызда адасқан кейіпкерлердің жан күйзелісінің куәсі болып, мінез-құлықтарына үңіліп, көп жағдайға қанық боласыз. Адамның жан әлемінде болатын күрделі психологиялық құбылыстармен қатар шынайы махаббат, мөлдір сезім, жан тазалығы, адалдық сияқты ұлы болмыс күдіреті айшықты суреттелген. Жақсылыққа қуанасыз, жаманшылыққа жаныңыз қамығады. Түнді сейілтп, Күн шығатыны өзгермейтін құбылыс. Осы қағидамен жер бетіндегі тіршілік жалғасып келеді.



Шүйіншәлиева М. Өкініш: Повесть, әңгімелер. — Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. - 488 бет.


Республика оқырмандарына әңгіме, хикая, повесть, драматургия жанрындағы әдеби көркем кітаптарымен кеңінен танылған талантты жазушы Мира Шүйіншәлиеваның «Өкініш» атты кітабы қазіргі көркем прозаның алдыңғы қатарынан орын алады. Тіпті, атақты сыншы, әдебиет зерттеушісі Б.Сарбалаұлы «Өкініш» повесін роман деп бағаласа, белгілі ғылым докторы, әдебиеттанушы Г.Орда бұл еңбек жайлы газет-журналдарға көптеген мақалалар жазды.

Айналамызда өмір сүріп жатқан адамдар арасындағы қарым-қатынас, қақтығыс, махаббат сезімі мен сыны, сан қилы тағдыр тәлкегі арқау болған көркем дүние оқырманды өзіне баурап алады, жетелеп әкетеді. Үш бөлімнен тұратын көлемді повесті оқи отырып, шым-шытырық оқиғаларға тап келесіз. Тілі жүйрік, қаламы ұшқыр қаламгердің сюжет құраудағы шеберлігі, ой саптаудағы тапқырлығы, кейіпкерлердің түрлі мінезі шығармаға деген қызығушылығыңызды оятады.



Тынышбек Дайрабай. «Түркістан 1866-1872», «Туркестан 1866-1872», «Turkestan 1866-1872» - Алматы: «Азия Арна» Баспасы ЖШС, 2020. — 344 б.: қазақша, орысша, ағылшынша.


«Түркістан» альбомында Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихы, мәдени, кәсіптік, археологиялық, этнографиялық ескерткіштерінің ең озық үлгілері жинақталынған. «Түркістан» фотоальбомы Түркістан генерал-губернаторына (1867-1917жж.) қараған Жетісу, Сырдария, Заравшан округі, Самарқанд, Ферғана (Қоқан хандығы) облыстарын қамтыған.



Гарман Е.Томас, Форг Е.Рэймонд. Жеке қаражат. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. - 632 бет.

Гарман Е.Томас пен Форг Е.Рэймондтың «Жеке қаражат» оқулығы - экономикада қаржы, несие, бағалы қағаздар, инвестициялау, сақтандыру, салық жүйесі, менеджмент тақырыптарын топтастырып жүйелеу арқылы жеке қаражатты өз алдына дербес білім курсына бөліп шығарған түбегейлі еңбек.

